АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАҒАНЫ ҮШІН СОТТАЛҒАН

ХАТТАР МАРАФОНЫ

AMNESTY INTERNATIONAL

Шебнем Корур Финджанджы, Түркия

Шебнем Корур Финджанджы, Түркия

Үйде профессор Шебнем Корур Финджанджы Симоне мен Улула атты мысықтарымен уақыт өткізгенді, тамақ пісіргенді және музыка тыңдағанды жақсы көреді. Оның сүйікті композиторы – Бетховен.

Әлем үшін Шебнем – сот медицинасының сарапшысы, азаптауды жоюға бағытталған еңбектерімен танымал. Ол БҰҰ-ның азаптауларды тергеу жөніндегі хаттамасы мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жыныстық зорлық-зомбылық бойынша анықтамалығын әзірлеуге үлес қосты. 2024 жылдың маусымына дейін Шебнем Түркияның медициналық қауымдастығының басшысы болды. Сондай-ақ, ол Түркиядағы адамдардың, оның ішінде пікір білдіру еркіндігі құқығын қорғау үшін үнемі күресіп келеді.

Түркия билігі оны үнсіз қалдырып, маңызды жұмысын тоқтату мақсатында жылдар бойы Шебнемді негізсіз қылмыстық тергеулерге, қамауға алып, сотқа тартқан. 2023 жылдың қаңтарында ол Түркия әскерінің Иракта химиялық қару қолданды деген айыптауларды тексеруді талап еткеннен кейін «террористік ұйымның насихатын жүргізді» деген айыппен сотталды. Шебнем бұл үкімге шағымданып жатыр, бірақ егер оның шағымы сәтсіз болса, ол екі жылға жуық түрмеге қамалуы мүмкін.

Үкімет адамдардың пікір білдіру бостандығын басып, Шебнем сияқты адам құқықтарын қорғаушылардың жұмысына шектеулер қойып жатыр. Бірақ Шебнем олардың қорқытуларына мойынсұнудан бас тартуда. Қарсыластыққа қарамастан, ол: «Мен бүгінге дейін ешбір билікке бас ию әдетін қалыптастырмадым», – дейді.

Түркия билігінен Шебнемді қудалауды тоқтатуын талап етіңіз.

ӘДІЛЕТ МИНИСТРІНЕ ЖАЗЫҢЫЗ

Биліктен Шебнемді қудалау үшін қылмыстық әділет жүйесін теріс пайдалануды тоқтатуды талап етіңіз және оны адам құқықтарын қорғағаны үшін басқа айыптармен қудаламауға шақырыңыз.

МЕКЕНЖАЙ:
Әділет министрі
Kızılay
Milli Müdafa Cd. No: 5
06420 Чанкая
Анкара
Түркия
ҚАРАТПА: Құрметті министр
EMAIL: ozelkalem@adalet.gov.tr
FACEBOOK: www.facebook.com/bmyilmaztunc/
X: @yilmaztunc
INSTAGRAM: @yilmaztunc
ХЭШТЕГТЕР: #ŞebnemKorurFincancı, #W4R24

ШЕБНЕМГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІҢІЗ

адамдардың құқықтарын қорғау жолындағы күресіне қолдау көрсететініңізді білдіріңіз.

МЕКЕНЖАЙ:
Prof. Şebnem Korur Fincancı
c/o Türk Tabipleri Birliği
GMK Bulvarı
Şht. Danış Tunalıgil Sk. No: 2/17-23
06570 Maltepe
Ankara
Türkiye
X: @SKorurFincanci
ХЭШТЕГТЕР: #ŞebnemKorurFincancı, #W4R24

Басты бет сурет: © Private
Соңғы бет суреті: © Pexels

Желтоқсан, 2024
Индекс: EUR 44/8110/2024 Kazakh